

С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті  
Химия кафедрасында әзірленген  
6В01507 Химия-Биология білім беру бағдарламасына

**ПІКІР**

6В01507 Химия-Биология білім беру бағдарламасында Білім беру бағдарламасының паспорты, құзыреттілік картасы, білім беру бағдарламасының мазмұны, модульдік анықтама және элективті пәндер каталогы үш тілде (қазақ, орыс және ағылшын тілінде) берілген.

6В01507 Химия – Биология Білім беру бағдарламасы (бұдан әрі-ББ) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 Қаулысымен бекітілген тиісті білім деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты негізінде әзірленген құжаттар жүйесі болып табылады.

ББ С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеттің бәсекеге қабілетті, әлеуметтік және азаматтық жауапкершілігі жоғары, кәсіби қызметті жүзеге асыруға қабілетті химия-биология мұғалімдерін даярлау жөніндегі білім беру саясатының негізгі мақсатын шешуге бағытталған.

Білім беру бағдарламасының паспортында: білім беру бағдарламасының бірегейлігі, білім беру мақсаты, білім беру бағдарламасының міндеттері және білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелері қамтылған.

Құзыреттілік картасында негізгі құзыреттілік, модуль атауы және коды, модуль бойынша оқыту нәтижелері, оқыту нәтижесін қалыптастыратын, (құзыреттілік мөлшері) пәндер атауы берілген.

Білім беру бағдарламасының мазмұны модуль атауы және коды, кредит саны, пәннің коды, пән атауы, қалыптасатын құзыреттіліктер, модуль бойынша оқыту нәтижелерін қамтиды.

Білім беру бағдарламасы түлегінің моделі; негізгі басымдықтар, оқу үдерісін ұйымдастыру, қалыптасатын білім беру бағдарламасының құзыреттіліктер тізімі, шарттары мен негізгі көрсеткіштерді қамтиды.

Білім беру бағдарламасында мәдениетке, негізгі ақыл-ой операцияларына ие болуды, өмір бойы оқуға ұмтылуды көрсету, коммуникацияны ауызша және жазбаша нысанда мемлекеттік, орыс және шет тілдерінде көрсету, жеке, қоғамдық және кәсіби қызмет саласында негізгі заманауи ақпараттық-коммуникациялық құралдар мен технологияларды қолдану сияқты құзыреттіліктер пәндер бойынша сарапталған.

Білім беру бағдарламасының сапасы білім беру үрдісіндегі заманауи талаптарды толығымен қанағаттандырады. Жоспарға енгізілген пәндер оқытудың интерактивті әдістері мен ақпараттық-инновациялық технологияларды пайдаланудың әдістемелерін меңгеруге жоспарланған. Жоспар белгілі бір логикамен, бірізділікпен құрастырылған.

Білім беру бағдарламасы оқу-әдістемелік құжаттармен және материалдармен жоғары дәрежеде қамтамасыз етілген. Барлық пәндер

бойынша аймақтық компоненттер ескеріле отырып, заман талабына сай химия – биология мамандарын дайындау басты назарға алынған.

Білім беру бағдарламасы білім беру саласындағы жоғары білімі бар мамандарға қазіргі заманғы сапа талаптарына жауап беретін білікті, бәсекеге қабілетті кадрларды даярлауды қамтамасыз ететін пәндерді оқытуда көшбасшылық құзыреттерді қалыптастыру үшін оқытудың инновациялық технологияларын енгізу арқылы практикалық дағдылары мен көшбасшылық қасиеттері бар жоғары білікті кадрларды даярлауда дұрыс әзірленген деп санаймын.

Өскемен қаласы «Шәкәрім атындағы  
№1 орта мектебі» КММ директоры



Сайлаубек Ә.С.